

ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Басқарма мүшелерінің қорытынды қызмет нәтижесінде корпоративтік және функционалдық ҚТК үлестерін бөлу



ҚМГ-нің бизнес-процестерінің тиімділігін бағалау жүйесі компанияның стратегиялық мақсаттарымен үйлесімділігін қамтамасыз ететін стратегиялық және жедел басқару құралдарының бірі болып саналады.

Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі келесі қағидаттарды сақтауға негізделеді:

- өндірістік және қаржы-экономикалық көрсеткіштерімен қатар тұрақты даму, корпоративтік басқару, әлеуметтік және экологиялық даму салаларындағы көрсеткіштерді қамтитын қызметтің түйінді көрсеткіштерінің (ҚТК) балансы;

- стратегиялық ҚТК-ны операциялық ҚТК-ға декомпозициялау, сондай-ақ стратегиялық ҚТК-ны ұйымдық құрылымы мен қызмет түрлері бойынша төмен жіктеуді қамтитын ҚТГ-ны жоғарыдан төмен қарай белгілеу.

Корпоративтік ҚТК ҚМГ-нің барлық қызметкеріне ортақ және компанияның есепті кезеңдегі даму басымдықтарын ескере отырып жасқаталады. Функционалдық ҚТК – ҚМГ Басқарма мүшелеріне тиесілі жеке ҚТК және олар нақты басшының алдында тұрған стратегиялық мақсаттарға негізделген.

2022 жылы қызметтің корпоративтік көрсеткіштерінің орындалуы

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Факт ¹
1	Мұнай және газ өндіру көлемі ²	мың тонна	22 012
2	Бос ақша ағымы (FCF) ³	млрд теңге	1 116
3	Жұмыс уақытын жоғалтқан жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR)	коэф.	0,36
4	ESG тәуекел рейтингі	рейтингі	28,4
5	IPO-ға дайындық	%	100
6	Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру	%	60

2021 жылы қызметтің корпоративтік көрсеткіштерінің орындалуы

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Факт
1	Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру	%	43
2	Операциялық тиімділікті арттыру	%	98
3	Даму мен дивидендке арналған бос ақша ағымы ⁴	млрд теңге	-31
4	NAV (таза активтердің құны) ⁵	млрд теңге	10 255
5	Қарыз/ЕБИТДА ⁶	коэф.	2,4
6	ESG рейтингтері	рейтингі	72
7	ҚМГ компаниялар тобының тауарлары, жұмыстары мен қызметтеріндегі жергілікті қамту үлесі ⁷	%	78

1 — ҚМГ Директорлар кеңесі 2022 жылдың көрсеткіштің нақты мәндерін 2023 жылдың шілде айында түпкілікті бекітеді деп жоспарланып отыр.
 2 — ҚМГ Қашаған Б.В. компаниясында мұнай-газ өндіру көлемі 2022 жылдың 15 қыркүйегіне дейін 50% мөлшерінде және 2022 жылдың 15 қыркүйегінен кейін 100% мөлшерінде енгізілді.
 3 — Бос ақша ағымы = операциялық қызметтен түскен ақша ағымы минус негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылдымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алу. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд операциялық қызметтен түскен ақша ағымына қосылған.
 4 — Операциялық қызметтен түскен ақша ағымы (бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоспағанда) – өндірісті сақтап тұруға күрделі салымдар.
 5 — 2021 жылғы 9 қарашада ҚМГ «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың 100% акцияларды «Самұрық-Қазына» АҚ-тың пайдасына берді, тиісінше, «QazaqGaz» ҰК» АҚ шоғырландыру периметрінен алынып тасталды. Алайда нақты көрсеткіш «QazaqGaz» ҰК» АҚ есепке алынып берілді.
 6 — «Самұрық-Қазына» АҚ-тың бекітілген әдістемесіне сәйкес.
 7 — ҚМГ компаниялар тобының тауарлары, жұмыстары мен қызметтеріндегі жергілікті қамту үлесі бойынша индикаторлардың орындалуын көрсететін композиттік көрсеткіші.

ҚМГ Басқарма мүшелерінің ҚТК тізілімі мен оның мақсаттық мәндерін жыл сайын ҚМГ директорлар кеңесі бекітеді. ҚТК-ны бағалау Компанияның есепті жылдағы қаржы-экономикалық қызметінің қорытындысын шығарғаннан кейін сыйақы тағайындау үшін жүргізіледі.

2022 жылға арналған корпоративтік ҚТК менеджментті операциялық тиімділікті арттыруға, сондай-ақ ҚМГ қызметінің экологиялық, әлеуметтік аспектілері мен корпоративтік басқаруға шоғырландыру қажеттілігін ескере отырып әзірленді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫНА ШОЛУ

Инвестициялық портфельге шолу

ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясына сай компанияның инвестициялық портфелі ҚМГ үшін дәстүрлі бағыттармен (геологиялық барлау, мұнай тасымалдау мен өңдеу) қоса жаңа бағыттардағы (мұнай-газ химиясы және тұрақты даму саласындағы жобалар) бірқатар жобадан тұрады. Сонымен қатар баламалы энергетикадағы жаңа

жобаларды бағалау және ҚМГ-нің операциялық активтеріндегі көміртегі ізін азайту бағытында жұмыс жүріп жатыр. Әр жобаны қаржыландыру көзі жеке-жеке анықталады. Жобаларды қаржыландыру барынша жеке қаражат есебінен жүзеге асырылады. Тек жаңа нақты жобаларға ғана қарыз тарту көзделген. Бұдан басқа инвестициялық және қаржылық тәртіпті күшейту

үшін компанияға ең аз мөлшердегі регресс әсерімен нақты жобалар деңгейінде ғана қарыз тартылады.

2022 жылдағы инвестициялық портфельдің жалпы құны 47 030 млрд теңгеге жетті. Оның ішінде ҚМГ үлесіне тиесілі сома – 16 713 млрд теңге.

Геологиялық барлау және мұнай-газ өндіру

2022 жылы Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ саласының инвестициялық тартымдылығын жақсарту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі шетел инвесторларының және ҚМГ-нің қатысуымен қосымша ынталандыруды талап ететін күрделі жобаларға (құрлықтағы жаңа күрделі жобалар, теңіз жобалары мен газ жобалары) бірқатар реттеушілік және фискалдық преференциялар ұсынатын жақсартылған модельдік келісімшарт (ЖМК) тетігін әзірледі. 2022 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексі мен Салық кодексіне тиісті түзетулер енгізілген заң пакетіне қол қойды. Бұл түзетулердің ҚМГ-нің бірқатар жобаларына қатысы бар және Каспий теңізі қайраңында да, құрлықтағы бірқатар күрделі газ жобалары бойынша да жұмысты жандандыруға мүмкіндік береді.

Инвестициялық жобалардың портфелі

Қызмет бағыты	Инвестициялық портфельдің жалпы құны, млрд теңге	ҚМГ үлесіне инвестициялық портфельдің құны, млрд теңге
Геологиялық барлау және мұнай-газ өндіру	39 809	12 058
Инфрақұрылым жобалары	371	371
Мұнай тасымалдау	410	149
Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерінің маркетингі	208	123
Мұнай-химия	6 096	3 926
Басқалары	137	86
Барлығы	47 030	16 713

2022 жылғы желтоқсан айының басында Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы Жеңіс учаскесінде тереңдігі 3 300 м ұңғыманы бұрғылау жұмыстары басталды. Іздеу ұңғымасын бұрғылау 2023 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

2023 жылдың басында «Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов» учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшартына қол қойылды. Осы кен орнындағы шикізат қорының мөлшері расталды. Келесі қадам – «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ серіктеспен бірлесіп жайластыру тұжырымдамасын таңдау.